

"Инвестициялық преференцияларды көздейтін инвестицияларды жүзеге асыруға инвестициялық келісімшарт жасасу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 ақпандағы № 90 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 шілдедегі № 571 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.07.2015 № 571 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған «Инвестициялық преференцияларды көздейтін инвестицияларды жүзеге асыруға инвестициялық келісімшарт жасасу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *С. Ахметов*
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и қ а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 4 ж ы л ғ ы 1 3 а қ п а н д а ғ ы
№ 9 0 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

«Инвестициялық преференцияларды көздейтін инвестицияларды жүзеге асыруға инвестициялық келісімшарт жасасу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Инвестициялық преференцияларды көздейтін инвестицияларды жүзеге асыруға инвестициялық келісімшарт жасасу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (

бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі әзірлеген (бұдан әрі – **М и н и с т р л і к**).

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Инвестиция комитеті көрсетеді (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызмет берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап 35 (отыз бес) жұмыс күні;

2) құжаттарды тапсыру үшін күтудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут.

3) қызмет көрсетудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз жүзінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі инвестициялық преференцияларды көздейтін инвестицияларды жүзеге асыруға инвестициялық келісімшарт (бұдан әрі – келісімшарт) жасасу. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз жүзінде.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақысыз негізде көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес инвестициялық преференциялар беруге өтінім;

2) заңды тұлға үшін – басшысының қолымен және заңды тұлғаның мөрімен расталған заңды тұлғаны мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік* көшірмесі немесе көрсетілетін қызметті алушыны заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

ескертпе: * «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012

жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады.

3) басшының қолымен және заңды тұлғаның мөрімен расталған көрсетілетін қызметті алушы жарғысының көшірмесі;

4) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес жасалған инвестициялық жобаның немесе инвестициялық стратегиялық жобаның б и з н е с - ж о с п а р ы ;

5) инвестициялық жобаны немесе инвестициялық стратегиялық жобаны іске асыру кезінде пайдаланылатын құрылыс-монтаждау жұмыстарының сметалық құнын және тіркелген активтерді, шикізатты және (немесе) материалдарды сатып алуға жұмсалатын шығындарды негіздейтін, тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленетін құжаттардың басшының қолымен және көрсетілетін қызметті алушының мөрімен расталған көшірмелері;

6) инвестициялық жобаны немесе инвестициялық стратегиялық жобаны қаржыландырудың көздері мен кепілдіктерін белгілейтін құжаттардың басшысының қолымен және заңды тұлғаның мөрімен расталған көшірмелері. Инвестициялық жобаны немесе инвестициялық стратегиялық жоба меншікті қаражатынан қаржыландырылған жағдайда олардың бар екендігі туралы ж а з б а ш а р а с т а м а қ о с а б е р і л е д і ;

7) көрсетілетін қызметті алушының өтінімінде көрсетілген мемлекеттік заттай гранттың мөлшерін (құнын) және оны беру алдын ала келісілгенін р а с т а й т ы н қ ұ ж а т т а р ;

8) салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ екендігі туралы тіркеу орны бойынша салық органының анықтамсы.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, № 2301 кабинет мекенжайы, телефоны: 8 (7172) 24-15-40, 24-21-24 бойынша көрсетілетін қызмет беруші басшысының атына не 010000, Астана

қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, № 2117 кабинет мекенжайы, телефоны: 8 (7172) 24-04-75, 29-08-48 бойынша Министрлік б а с ш ы с ы н ы ң а т ы н а б е р і л е д і .

Шағым пошта арқылы жазбаша нысанда не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Көрсетілген қызметті берушінің кеңсесінде қабылдап алған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орны көрсетіле отырып, шағымды тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) оның қабылданғанын растау б о л ы п т а б ы л а д ы .

Тіркелгеннен кейін шағым жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің б а с ш ы с ы н а ж і б е р і л е д і .

Заңды тұлғаның шағымында оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Шағымға заңды тұлғаның басшысы қол қоюы тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні і ш і н д е қ а р а л у ғ а ж а т а д ы .

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағым жасай алады.

Көрсетілген қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күн і ш і н д е қ а р а л у ғ а ж а т а д ы .

11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.mint.gov.kz интернет-ресурсында «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналасқан.

13. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қолжетімділік режимінде алу мүмкіндігі бар.

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар: 1414.

«Инвестициялық преференцияларды көздейтін инвестицияларды жүзеге асыруға инвестициялық келісімшарт жасасу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша

Инвестициялық преференцияларды беруге арналған өтінім

| 1. Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы туралы мәлімет | |
|---|--|
| 1. | Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының атауы |
| 2. | Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының тіркеуден (қайта тіркеуден) өткені туралы ақпарат (күні, негізі) |
| 3. | Орналасқан жері: заңды мекенжайы іс жүзінде орналасқан жері |
| 4. | Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) |
| 5. | Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының басшысы (лауазымы, тегі, аты, әкесінің телефоны, факсы, электрондық поштасы) |
| 6. | Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының бас бухгалтері (тегі, аты, әкесінің телефон, факс, электрондық поштасы) |
| 7. | Инвестициялық немесе инвестициялық стратегиялық жобаның менеджері (тегі, аты, әкесінің телефоны, факсы, электрондық поштасы) |
| 2. Инвестициялық немесе инвестициялық стратегиялық жоба туралы мәліметтер | |
| 8. | Инвестициялық жобаның немесе инвестициялық стратегиялық жобаның атауы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулы бекітілген инвестициялық стратегиялық жобалар тізбесіне енгізу туралы мәліметтер* |
| 9. | Инвестициялық немесе инвестициялық стратегиялық жобаны іске асыру орны |
| 10. | Инвестициялау үшін таңдалған қызметтің басым түр(лер)і (экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуші сыныптарының деңгейінде) |
| | |

| | | |
|---|--|--|
| 11. | Заңды тұлғаның тіркелген активтеріне инвестициялардың көлемі (ағымдағы және болашақ кезеңдердің инвестициялары есепке алынады) | _____ (теңге) |
| 12. | Жобаны қаржыландыру көздері: меншікті қарыз қаражаты | _____ (меншікті қаражатының болуын растайтын к _____ (жобаны қаржыландыру көздері мен қаржылап кепілдіктерін белгілейтін құжат) |
| 3. Жобаны іске асыру үшін талап етілетін инвестициялық преференциялар | | |
| 13. | Мыналардың: 1) технологиялық жабдықтың, оның жинақтауыштарының; 2) технологиялық жабдыққа қосалқы бөлшектерінің, шикізат пен материалдардың импорты кезінде кеден баждарын төлеуден босату | 1) _____ (жеңілдетілген с 2) _____ (жеңілдетілген сома) |
| 14. | Кедендік тазарту жүргізу орны | |
| 15. | Мемлекеттік заттай грант | _____ (алдын ала келісуді растайтын құжаттар) |
| 16. | Жер салығы бойынша жеңілдіктер* | _____ (жеңілдетілген сома) |
| 17. | Мүліккесалық бойынша жеңілдіктер* | |
| 18. | Мыналарға: 1) _____ газға; 2) _____ электр энергиясына; 3) жер учаскесін сатып алуға; 4) ғимараттарды, құрылыстарды сатып алуға (салға арналған) өнеркәсіптік жеңілдіктер* | _____ (түрі) |

*Инвестициялық стратегиялық жобаны іске асыратын заңды тұлға үшін.

4. Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы өтінімде және қоса беріліп отырған құжаттарда қамтылған ақпараттың дұрыстығын (дәйектілігін) мәлімдейді және оған кепілдік береді, ұсынылған ақпарат үшін жауапты болады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген инвестициялық келісім шартты мерзімінен бұрын тоқтату шарттарымен танысқан.

5. _____ жобасы бойынша
(инвестициялық немесе инвестициялық стратегиялық)

жұмыс бағдарламасы

| | | | | |
|--|--------------------|----------------------|-----------------|-----------------|
| 1-бөлім: Тіркелген активтерге инвестициялар, мың теңге | | | | |
| | Растайтын құжаттар | Тіркелген активтерді | күнтізбелік жыл | күнтізбелік жыл |
| | | | | |

| Шығын баптары | контрагент | № | күні | пайдалануға беру күні | 1 - жартыжылдық | 2 - жартыжылдық | Жыл бойынша жиыны | 1 - жартыжылдық | 2 - жартыжылдық |
|------------------------|------------|---|------|-----------------------|-----------------|-----------------|-------------------|-----------------|-----------------|
| | | | | | | | | | |
| 1 бөлім бойынша жиыны: | | | | | | | | | |

2-бөлім: Технологиялық жабдыққа қосалқы бөлшектердің, шикізат пен материалдардың импорты, саны

| Шығын баптары | растайтын құжаттар | | | өлшем бірлігі | игеру кезеңі | | | игеру кезеңі | | | Бар. |
|---------------------------------------|--------------------|---|------|---------------|----------------|----------------|-------------------|----------------|-----------------|-------------------|------|
| | контрагент | № | күні | | 1-жарты жылдық | 2-жарты жылдық | Жыл бойынша жиыны | 1-жарты жылдық | 2 - жартыжылдық | Жыл бойынша жиыны | |
| 1. Қосалқы бөлшектер, оның ішінде: | | | | | | | | | | | |
| 2. Шикізат, материалдар, оның ішінде: | | | | | | | | | | | |
| 2-бөлім бойынша жиыны: | | | | | | | | | | | |

6. Кеден одағының заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкескеден баждарын салудан босатылатын импортталатын технологиялық жабдық пен оның жиынтықтауыштарының, қосалқы бөлшектердің, шикізат пен материалдардың тізімі және көлемі.

| Р / с № | Атауы | КО СЭҚТН коды | Өлшем бірлігі | Саны | Тауарларды бір сыныптауға мүмкіндік бер құжаттар* |
|---------|-------|---------------|---------------|------|---|
| 1. | | | | | |
| 2. | | | | | |
| Жиыны: | | | | | |

*Тауарларды жіктеу бойынша ақпарат тауарлардың толық коммерциялық атауын, фирмалық атауын, негізгі техникалық, коммерциялық сипаттамаларын және өзге де ақпаратты, оның ішінде бұйымдардың фотосуреттерін, суреттерін, сызбаларын, паспорттарын, тауарлардың сынамалары мен үлгілерін және өтінім берген басшының қолымен және заңды тұлғаның мөрімен куәландырылған басқа да құжаттарды қамтуы тиіс.

(Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы
басшысының тегі, аты, әкесінің аты)

(қолы, мөрі және күні)

«Инвестициялық преференцияларды
көздейтін инвестицияларды жүзеге асыруға
инвестициялық келісімшарт жасасу»
мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
2-қосымша

Инвестициялық жобаның немесе инвестициялық стратегиялық жобаның бизнес-жоспарын жасау жөніндегі талаптар

1. Осы Инвестициялық жобаның немесе инвестициялық стратегиялық жобаның бизнес-жоспарын жасау жөніндегі талаптар (бұдан әрі – Талаптар) «Инвестициялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 19-бабының негізінде әзірленген және инвестициялық жобаның немесе инвестициялық стратегиялық жобаның бизнес-жоспарын жасау жөніндегі талаптарды айқындайды.

2. Бизнес-жоспар мынадай бөлімдерден тұрады:

- 1) инвестордың қысқаша сипаттамасы;
- 2) инвестициялық жобаның немесе инвестициялық стратегиялық жобаның қысқаша сипаттамасы;
- 3) техникалық бөлім;
- 4) коммерциялық бөлім;
- 5) ұйымдастырушылық бөлім;
- 6) әлеуметтік бөлім;
- 7) қаржылық бөлім;
- 8) экологиялық бөлім;
- 9) экономикалық бөлім;

10) инвестициялық стратегиялық жобаларды іске асыру кезінде орындалатын Қазақстан Республикасының экономикалық дамуына стратегиялық әсерді талдау (инвестициялық стратегиялық жобалар үшін тоқтырылады).

3. Инвестордың қысқаша сипаттамасы мыналарды қамтиды:

- 1) заңды тұлғаның атауы;
- 2) заңды тұлғаның басшысы (лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты – б а р б о л с а) ;
- 3) заңды тұлғаның мекенжайы, телефоны, факсы, электрондық

п о ш т а с ы ;

4) заңды тұлға қызметінің негізгі бағыттарының қысқаша сипаттамасы, негізгі өндірістік көрсеткіштер, аталған салада инвестициялық келісімшарт жасасу жоспарланып отырған жұмыс тәжірибесі. Соңғы есептік кезең үшін кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі туралы қысқаша есеп.

4. Инвестициялық жобаның немесе инвестициялық стратегиялық жобаның қысқаша сипаттамасы мыналарды қамтиды:

1) инвестициялық немесе инвестициялық стратегиялық жобаның а т а у ы ;

2) инвестициялық немесе инвестициялық стратегиялық жобаның негізгі мақсаттары ;

3) инвестициялық немесе инвестициялық стратегиялық жобаның тікелей қатысушылары ;

4) инвестициялық немесе инвестициялық стратегиялық жобаны іске асыру орны (облыс, аудан);

5) қысқаша мазмұны : шығаруға ұсынылатын өнім, ықтимал түрлендірулер спектрін көрсете отырып, тауардың немесе көрсетілетін қызметтердің көрсетудің қысқаша сипаттамасы, мақсаты мен қолдану салалары;

болжанатын инвестициялық немесе инвестициялық стратегиялық жобаның сипаты (жаңасын құру, қолданыстағы кәсіпорынды реконструкциялау немесе кеңейту);

инвестициялық немесе инвестициялық стратегиялық жоба бойынша техникалық құжаттаманың болуы (техникалық-экономикалық негіздеме, жобалау-сметалық құжаттама, құрылыс-монтаждау жұмыстары мен жабдықтар жеткізуге шарттар мен келісімшарттардың көшірмелері; жер учаскесіне құқықты растайтын құжаттардың көшірмелері; ғимараттарды, құрылыстарды жалдауға арналған шарттардың көшірмелері және басқа да құжаттар);

жоба бойынша іске асырудың ерекше шарттары мен шектеулер, оның ішінде лицензиялардың (егер қызмет түрі лицензиялануға жататын болса), патенттердің, рұқсаттардың болуы, экспорттық және импорттық квоталардың болуы, өткізу мен шикізат нарықтары, сумен, энергиямен жабдықтау, көлік, байланыс бойынша ұсынымдар, қалдықтарды кәдеге жарату мүмкіндіктері, шетелдік жұмыс күшіне қажеттіліктер, технологиялық процестердің экологиялық тазалығына қойылатын талаптар;

б) инвестициялық немесе инвестициялық стратегиялық жобаны іске асыру құны, қаржыландыру көздері: меншікті қаражат ;

қарыздық қаражат (кредиттер немесе тартылған шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаражаты) және/немесе грант.

7) жобаны іске асыру мерзімі – инвестицияларды жүзеге асыру сәтінен бастап.

5. Техникалық бөлім мыналарды қамтиды:

1) инвестициялық немесе инвестициялық стратегиялық жоба технологиясының қысқаша сипаттамасы;

2) технологиялық шешімді таңдау негіздемесі, атап айтқанда инвестициялар жобаның орналасатын жері мен мөлшерінің (ауқымының), негіздемесі (жеткізушілер мен нарықтар үшін орналасу қолайлығы):

ілеспе инфрақұрылым және көліктік мүмкіндіктер; қолданыстағы үй-жайларды пайдалану немесе реконструкциялау мүмкіндіктері;

инвестициялық немесе инвестициялық стратегиялық жоба бойынша тауарларды (көрсетілетін қызметтерді) өндіру көлемін айқындайтын факторлар.

Техникалық және құндық сипаттамалар бойынша (ұқсастармен салыстыра отырып, өндіру үшін ұсынылатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің техникалық деңгейі мен құны, ақпарат көзіне сілтемелер) баламалы шешімдерді салыстырмалы талдау.

Шикізат ресурстарын пайдаланудың ұтымдылық деңгейі:

шикізатты өңдеу деңгейі;
өндірістің қайта бөлінуі (қалдықтарды қайта өңдеу);
жергілікті шикізатты пайдалану;

Талаптарға 1-қосымшада көрсетілген жобаны іске асыру кестесі.

6. Коммерциялық бөлім мыналарды қамтиды:

1) шикізаттың, материалдар мен жабдықтардың жеткізілімдері: шикізат пен материалдар нарығын (отандық және импорттық) талдау:

пайдаланылатын шикізат түрлерінің тізбесі; көліктік шығыстарды ескере отырып, бағаның қолжетімділігі мен деңгейі;

пайдаланылатын шикізат пен материалдардың атауын және көлемін көрсете отырып, дайын өнім бірлігінің өндірісіне шикізат пен материалдар шығыстарының нормалары;

шикізатты есептен шығару әдісі (Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының есепке алу саясаты);

жабдықтарды өндірушілердің/жеткізушілердің таңдауы: қажетті жабдықтардың тізбесі және оларға қойылатын негізгі

техникалық

талаптар;

жабдықтардың жаңашылдығы мен әлемдік және жергілікті нарықтағы технологиялар;

көліктік шығыстарды, монтаждау және іске қосу-реттеу жұмыстарын ескере отырып, жабдықтардың құны; жөндеу базасының болуы (қажет болған жағдайда); қосалқы бөлшектермен немесе шығыс материалдарымен қамтамасыз ету көздері.

2) маркетинг:

шығарылатын тауарлардың немесе көрсетілетін қызмет түрлерінің тізбесі мен көлемі.

қолданыстағы шектеулерді (квоталар, лицензиялар және т.б.) ескере отырып, өткізу нарықтарын болжау – (нарық сыйымдылығы), ішкі және сыртқы нарықтағы әлеуетті төлем қабілеті бар сұраныс, қазіргі уақыттағы оны қанағаттандыру деңгейі:

өткізу арналары: қандай өңірлерге, қандай тұтынушыларға, шетелдегі қай елдерге жеткізілім болжанатыны көрсетілсін; нарықта ұқсас, өзара алмастырылатын немесе өзара толықтырылатын тауарлар, көрсетілетін қызметтер бар ма, олардың өндірісінің болашақ өсуін бағалау, соңғы бірнеше жылдағы тауарлар импортының және/немесе экспортының серпіні, көлемі мен бағалары, негізгі бәсекелестер және олардың нарықтағы үлес салмағы; әлеуметтік экономикалық жағдайдың ықтимал өзгерістері нәтижесінде нарықты болжау; өткізу мүмкіндігін растайтын құжаттар:

тауарларды жеткізуге келісімшарттардың немесе ниеттер туралы хаттамалардың нотариатта куәландырылған көшірмелері;

тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге бағалар деңгейін болжамдық бағалау;

коммерциялық тәуекел факторлары мен негізгі маркетингтік іс-шаралар.

Жобаны қаржыландыру кезінде валюта айырбастау бағамы өзгерісінің және қолданыстағы салықтық базаның әсерін бағалау.

7. Ұйымдастырушылық бөлім мыналарды қамтиды:

1) тартылатын ұйымдар:

жобаны құрушы;

жабдықтарды өндірушілер;

жабдықтарды жеткізушілер;

қаржыландырушы ұйым;

делдалдар.

2) жобаны іске асыру процесінде оның қатысушылары арасында міндеттер мен жауапкершілікті бөлу.

3) ұйымдастырушылық құрылым және тауарлар/көрсетілетін қызметтер сапасының менеджменті мен оны бақылау жүйелері.

8. Әлеуметтік бөлім мыналарды қамтиды:

1) жобаның еңбек ресурстарына қажеттілігі (қажетті саны мен біліктілігі):

қажетті біліктілігі бар кадрлардың болуы;

білікті көмекті тартуға қажеттілік, оның ішінде импорты;

2) жобаның халықты жұмыспен қамтуға және оның білім деңгейін жоғарылатуға әсері.

9. Қаржылық бөлім мыналарды қамтиды:

1) инвестицияларды бағалау:

толық инвестициялық алып қоюлар (негізгі және айналым капиталына инвестициялар);

жобаны қаржыландыру мен инвестициялардың құрылымы (жобаны іске асыру үшін қаражаттың жеткіліктігін, инвестициялардың құрылымын, қаржыландырудың схемасы мен шарттарын, пайданы болжамды пайдалануды көрсететін инвестициялардың жалпы көлемін бағалау).

2) тәуекелдерді бағалау:

тәуекелдердің түрлері;

тәуекелдің деңгейі (дисконт мөлшерлемесі).

3) қаржылық талдау:

инвестициялық преференцияларды ескермей және тиісті инвестициялық преференцияларды ескере отырып, модельдерді есептеуді қамтитын жобаның қаржылық моделі;

жобаның өмірлік цикліндегі таза дисконтталған табыс (NPV);

жобаның өмірлік цикліндегі ішкі табыстылық нормасы (IRR);

жобаның өтімділік мерзімі (қарапайым және дисконтталған);

жоба өмірінің әрбір жылына арналған қарапайым табыс нормасы (рентабельділігі);

түрлер бойынша бюджетке төленетін салықтар, кеден баждары мен төлемдер;

төленетін салықтардың барлық түрлері бойынша бюджеттік тиімділіктің жиынтық есебі.

10. Экологиялық бөлім жоба технологиясының қоршаған ортаға әсер етуі жөніндегі стандарттар мен нормативтерге сәйкестігін қамтиды.

11. Экономикалық бөлім мыналарды қамтиды:

жобаның ел экономикасының қажеттіліктеріне сәйкестігі:

халық тұтынатын азық-түлік тауарлары және азық-түліктік емес тауарлар шығаруды ұлғайту;
импорт алмастыру (импорт алмастырудың қабылданған бағдарламаларына сәйкестігі);
экспортты ұлғайту;
жаңа жұмыс орындарын құру;
халықтың білім және біліктілік деңгейін жоғарылату;
озық технологияларды игеру, «ноу-хау»;
жобаны іске асырудан мультипликатор әсері;
халықаралық сапа жүйелері стандарттарына сәйкес келетін өндірісті ұйымдастыру.

12. Қазақстан Республикасының экономикалық дамуына стратегиялық әсерді талдау мыналарды қамтиды (инвестициялық стратегиялық жобалар үшін тоқтырылады):

1) өндіруге жоспарланған жоғары технологиялық өнім өндірісіне номенклатура, оның ішінде:

қайта өңдеу саласын дамыту;
инфрақұрылымды дамыту;
бәсеке қабілетті ортаны қалыптастыру;
қосылған құны жоғары өндірісті құру;

2) пайдаланылатын заманауи технологиялар, оның ішінде:

озық инновацияларды пайдалану;
тәжірибе мен білім тасымалы;

жаңа идеяларды, ғылыми білімдерді, ғылымды көп қажет ететін және жоғары технологиялы экспортқа бағдарланған өндірістер құру технологиялары мен түрлерін енгізу;

3) қазақстандық кадрлардың біліктілігін арттыру және жаңа жұмыс орындарын құру;

4) қоршаған ортаны қорғау, оның ішінде:

халықаралық сапа стандарттарына сәйкестік;

елді мекенде және өңірде экологиялық жағдайды жақсарту;

5) елді мекеннің әлеуметтік-экономикалық дамуы, оның ішінде:

әлеуметтік тұрақтылықты күшейту;

тұрғын үймен қамтамасыз ету;

білім беру және медициналық қызметтерге қолжетімділік;

Қазақстандағы өмір сүру деңгейін арттыру;

әлеуметтік тәуекелдерді азайту;

жұмыссыздықты азайту;

әлеуметтік қызмет көрсету саласын кеңейту.

13. Бизнес-жоспар 14 кеглді TimesNewRoman қарпімен (схемаларды, сызбаларды, кестелерді, эскиздерді жасаған кезде 10-нан кем емес) басып шығарылады, қағаз тасығышта ұсынылады, әрбір басып шығарылған бизнес-жоспар парағының мынадай өлшемдері бар: сол жақ жиегі – 2,5 сантиметр, оң жақ жиегі – 1,5 сантиметр, жоғарғы жиегі – 2,5 сантиметр, астыңғы жиегі – 2,5 сантиметр.

Бизнес-жоспар мәтінін әзірлеген кезде екінші және одан кейінгі парақтары нөмірленуі тиіс (парақтардың реттік нөмірлері араб сандарымен бизнес-жоспардың жоғарғы жиегі ортасынан тыныс белгілерінсіз қойылады).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Талаптарға 1-қосымша қаулыға қоса берілмеген.